

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ  
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**

**ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙІНІҢ**

**2022 ЖЫЛҒЫ**

**ЕСЕБІ**

Астана қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі мәдени-тарихи құндылықтарды сақтау, зерттеу және насихаттау бойынша кешенді жұмыстар жүргізетін еліміздегі іргелі мекеме болып табылады.

2022 жылы ҚР Ұлттық музейінде **439 іс-шара** ұйымдастырылып, оған **430 543 адам** (70 470 адам оффлайн, 360 073 адам онлайн) қатысты. Атап айтқанда, 1 жаңа залдың ашылуы, 40 көрме, 1 конференция, 1 форум, 1 фестиваль, 21 дөңгелек үстел, 1 симпозиум, 7 кеңес, 1 акция, 6 дәріс, 8 семинар, 7 концерт, 7 конкурс, 16 кездесу, 12 бағдарлама, 24 бейнеэкскурсия, 104 үйірме, 181 музей сабақтары жүзеге асты.

*Диаграмма №1. ҚР Ұлттық музейінде 2020-2022 жылдары атқарылған іс-шаралардың көрсеткіші.*

Жылдар	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Өткен іс-шаралар	262	436	439

Есептік кезеңде ҚР Ұлттық музейінде **1 зал** - қазақстандық бейнелеу өнерінің классик және заманауи жанрадағы суретшілерінің туындыларынан жасақталған **«Кескіндеме залы»** ашылды (18.05.2022).



*ҚР Ұлттық музейінде ашылған «Кескіндеме залы»*

2022 жылы ҚР Ұлттық музейі халықаралық және республикалық деңгейдегі **40 көрмені** (10 – халықаралық, 30 - республикалық) ұйымдастырды.

***Халықаралық көрмелер:***

1) Біріккен Араб Әмірлігінде өткен халықаралық «EXPO-2021» көрмесі аясында ашылған қазақстандық павильондағы ҚР Ұлттық музейінің экспозициясы (1.10.2021 – 31.03.2022 жыл);

2) «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасы аясындағы Ресей Федерациясы Башқұртстан Республикасының Ұлттық музейіндегі «Ұлы дала: Кеңістік. Уақыт. Мәдениет» көрмесі (25.03.2022);

3) Заманауи өнердің халықаралық «ART TALK» жыл сайынғы II симпозиумының көрмесі (21.06.2022);

4) Корея Республикасы Елшілігі Корея мәдени орталығымен бірлескен корей сия кескіндемесінің шебері Пак Дэ Сонгтың «Мәңгілік» атты көрмесі (24.06.2022);

5) Венгр суретшісі Иштван Оростың көрмесі (12.07.2022);

6) «TAMUR» шығармашылық тобының «Арба» көрмесі (2.09.2022);

7) ТМД-ға мүше елдердің «ART EXPO» халықаралық көрмесі (8-10.09.2022);

8) «Қазақстан аумағындағы діндердің тарихы» атты халықаралық көрмесі (12.09.2022);

9) «Тарихтың бастапқы нүктесі: Гөбеклітепе» фотокөрмесі (29.09.2022);

10) Қазақстандағы Қырғыз Республикасының Мәдениеті күндері аясындағы «Бастау» көрмесі (27.10.2022).

### **Республикалық көрмелер:**

- 1) Қарағанды облысы әкімдігімен бірге Ұлытаудағы Болған ана кесенесінен табылған жәдігерлерден жасақталған «Болған ана жаңғыртпасы» атты көрме (11.02.2022);
- 2) Жамбыл облысы суретшілерінің «Қазақстан халқына сүйіспеншілікпен – әлем ғажайып бояуда» көрмесі (17.02.2022);
- 3) Қазақстандық суретші-реставратор Қырым Алтынбековтің «Өркениеттер тоғасындағы Құлан қаласы» көрмесі (25.02.2022);
- 4) Ақын М.Хакімжанованың 115 жылдығына арналған «Таң Шолпан» көрмесі (4.03.2022);
- 5) Әнші Р.Бағланованың 100 жылдығына арналған «Ән өнерінің падишасы» атты көрме (11.03.2022);
- 6) ҚР Ұлттық музейі Ғылыми кітапхана секторының ұйымдастыруымен Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналған кітап көрмесі (14.03.2022);
- 7) «АСТ – Астана әлеуметтік технология» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Көктем» көрмесі (17.03.2022);
- 8) Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Қ.Оспановтың 80 жылдығына арналған «Қараөткел бояулары» атты көрме (18.03.2022);
- 9) ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығымен бірлесіп ұйымдастырылған «Ұлы Дала тарихының жазба мұралары» атты көрме (15.04.2022);
- 10) ҚР Қорғаныс министрлігі Әскери-тарихи музейі, ҚР Президенті архивімен бірлескен Қарулы Күштердің құрылғанына 30 жыл толуына арналған «Қуатты Армия – қуатты Қазақстан» атты көрме (21.04.2022);
- 11) Суретші Б.Бүрдесбековтың 60 жылдығына арналған «Бояулар поэзиясы» атты көрме (22.04.2022);
- 12) Белгілі қазақстандық журналист Нүртілеу Иманғалиұлының 70 жылдығына орай «Бай-қуатты болайық!» көрмесі (28.04.2022);
- 13) Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі Ботагөз Төлештің «Жаңару» атты жеке көрмесі (6.05.2022);
- 14) Ұлы Отан соғысының 77 жылдығына арналған «ЕРЛІК – ҰРПАҚҚА ҰРАН» атты кітап көрмесі (ҚР Ұлттық музейі Ғылыми кітапхана секторы);
- 15) Белгілі суретші Мұхтар Байбосынның ХІХ-ХХ ғасырларда қазақ мәдениетінің негізін салған тұлғаларға арналған «Асыл мұра» атты жеке көрмесі (20.05.2022);
- 16) Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Кескіндеме және графика», «Шебер» үйірмелерінің «Balavision-2022» қорытынды көрмесі (1.06.2022);
- 17) «Жас Алаш» республикалық қоғамдық-саяси газетінің 100 жылдығына орай «100 жасаған «Жас Алаш» атты көрме (8.06.2022);
- 18) ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, суретші Қасен Абаевтың «Ғажайып мекен» көрмесі (10.06.2022);
- 19) Домбыра күніне орай ашылған «Сырлы аспаптардың сиқырлы үні» көрмесі (28.06.2022);
- 20) «Астана» атты кітап көрмесі (2.07.2022),
- 21) «Дәстүр мен уақыт» атты қазақ қолөнерінің көрмесі (19.08.2022);
- 22) Қазақстан Республикасы Көркемөнер академиясының 15 жылдығына арналған Солтүстік Қазақстан суретшілерінің көрмесі (20.10.2022);
- 23) «Ұлттың Ұлы ұстындары» атты көрме (27.10.2022);
- 24) «Әлем бейнесі» арт-жобасының көрмесі (4.11.2022);
- 25) Қазақстан Суретшілер одағы мен «Іздер» суретшілер тобының мүшесі Оралбек Қабөкенің «Бейне» атты жеке көрмесі (11.11.2022);
- 26) National Geographic Photo Ark көрмесі (12.11.2022);
- 27) Белгілі археолог, т.ғ.д., профессор Зейнолла Самашевтың 75 жылдық мерейтойына арналған «Дала қорғандарының құпиялары» атты көрме (18.11.2022);

28) Белгілі суретші-реставратор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Қырым Алтынбековтің 70 жылдық мерейтойына арналған «Қырым аралының құпиялары» атты көрме (7.12.2022);

29) ҚР Суретшілер Одағының мүшесі, Еуразиялық Суретшілер одағы мен Халықаралық заманауи өнер академиясының мүшесі, «Таң Шолпан» халықаралық тәуелсіз әйел суретшілер қорының президенті Жамиля Такеннің «Қаңбақ» атты мерейтойлық көрмесі (9.12.2022);

30) Тәуелсіздік күні мерекесіне орай «Шырақ болып парлаған...» тақырыбында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының көшпелі көрмесі (9.12.2022).

### **Қор жинақтау және сақтау**

Қорды жүйелі түрде толықтыру музей ісіндегі басым бағыттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің есепті кезең ішіндегі музейлік заттардың саны **218 921** сақтау бірлігін құрады. Оның ішінде заттардың **174 720** сақтау бірлігі тұрақты сақтауда (негізгі қорда – **120 117** бірлік, ғылыми-қосымша қорда – **53 603** бірлік), ал уақытша қор музейлік заттарының саны – **47 201** бірлік.

2022 жылы Музей қорына **тұрақты сақтау үшін 3 250** бірлік зат түсті. Оның ішінде **жеке тұлғалардан - 1 869** бірлік, **заңды тұлғалардан – 73**, **ғылыми экспедициялар нәтижесінде – 1264** с.б., **көрмелерден жинақталған 42** с.б., **музейлік маңызы бар заттарды сатып алу – 2** с.б.

### **Ғылыми-зерттеу жұмыстары.**

Заманауи музей – бұл ғылыми-зерттеуге ерекше көңіл бөлетін, материалдық-техникалық базасы мықты орталық. Осы талаптарға сай келетін ҚР Ұлттық музейі еліміздегі ғылым саласын дамытуға лайықты үлесін қосып келеді.

Қазіргі таңда Музейімізде **2 ғылым докторы, 3 ғылым кандидаты, 7 PhD доктор, 57 магистр** қызмет етуде.

2022 жылы ҚР Ұлттық музейінің ғылыми қызметкерлері **3 монография, 1 ғылыми жинақ, 2 каталог, 123 ғылыми мақала** жариялады. Оның ішінде халықаралық Scopus базасына кіретін 21 мақала бар.

*Кесте №1. 2018-2022 жылдарда жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері.*

№	Ғылыми еңбектер	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	Монография	4	6	7	5	3
2	Энциклопедия	2	2	2	-	-
3	Ғылыми жинақ	-	-	-	-	1
4	Каталог	8	6	1	2	2
5	Конференция жинағы	-	1	-	1	-
6	Мақала	165	143	89	112	123
	<b>Барлығы</b>	<b>179</b>	<b>158</b>	<b>99</b>	<b>120</b>	<b>129</b>

Музейдің ғылыми қызметкерлері 2022 жылғы жазғы маусымда **16 археологиялық, 4 этнографиялық экспедиция** жұмыстарына қатысты. Нәтижесінде Музей қоры **1 210 дана археологиялық, 55 дана этнографиялық** заттармен толықты.

2022 жылы ҚР Ұлттық музейіндегі «Мәдени мұра» ғылыми журналының төрт номері жарыққа шықты. Оған шетелдік және отандық ғалымдардың мақалалары енді.

### **Консервациялау және қалпына келтіру жұмыстары.**

Музей – бұл әрбір халықтың өткені мен бүгінгі тарихи-мәдени байлығын жинақтаған үлкен рухани орталық. Сондықтан сан ғасырлық тарихы бар жәдігерлерді халық назарына ұсынуда консервациялау және қалпына келтіру қызметінің маңызы зор.

2022 жылы Консервациялау және қалпына келтіру қызметінің мамандары **312** дана экспонатты қайтадан қалпына келтірді.

*Кесте №2. ҚР Ұлттық музейінде 2018-2022 жылдары қалпына келтірілген музей заттары туралы мәлімет*

<b>Жылдар</b>	<b>2018 жыл</b>	<b>2019 жыл</b>	<b>2020 жыл</b>	<b>2021 жыл</b>	<b>2022 жыл</b>
Қалпына келтірілген музей заттарының саны	<b>405</b>	<b>381</b>	<b>1272</b>	<b>148</b>	<b>312</b>

### **2022 ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ТЫҢ БАСТАМАЛАР:**

2022 жылы ҚР Ұлттық музейінде бірқатар тың бастамалар қолға алынды. Атап айтқанда:

1) 2022 жылғы 14-21 маусым аралығында Ұлттық музейдің ұйымдастыруымен «Бурабай» курорттық аймағында халықаралық **«ART TALK» II симпозиумы** өтті. Өзара тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған шараға Қазақстан, АҚШ, Корея, Өзбекстан және Моңғолия елдерінен 16 суретші қатысып, 60-тан аса картиналар салынып, үздік жұмыстар Ұлттық музей қорын толықтырды.

2) 2022 жылғы 8-10 қыркүйек күндері ҚР Ұлттық музейінде алғаш рет Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің **ART EXPO халықаралық көрмесі** ұйымдастырылды. «ART кеңістіктегі халық шығармашылығы» тақырыбымен өткен көрмеге Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Тәжікстан, Өзбекстан елдерінің мәдени ұйымдары, қоғам және мәдениет қайраткерлері қатысты. 2022 жылғы ART EXPO халықаралық көрмесінде қолөнер, бейнелеу өнері және музей ісінің дамуына қатысты тақырыптарға басымдық берілді. ҚР Ұлттық музейінің залдарында әр елден келген шеберлер туындыларын көпшілікке ұсынды. Сонымен қатар музей мамандары үшін «Музей брендтерін ілгерілетудің заманауи технологиялары мен әдістері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

3) 2022 жыл – Балалар жылы аясында интерактивті музейлік сабақтар, экскурсиялар және практикалық іс-шаралар арқылы мектеп оқушыларының отандық тарих, археология, этнография және мәдениет салаларындағы зерттеушілік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған **«Музейдегі мектеп күні» пилоттық мәдени-ағартушылық жобасы** ашылды. Күні бүгінге дейін жоба аясында **52 сабақ** өткізіліп, **1012 оқушы** қатысты. Сонымен қатар өңірлердегі мектеп оқушыларын ҚР Ұлттық музейіндегі тарихи жәдігерлермен таныстыру мақсатында **37 бейнеролик** түсіріліп, **Музей сайты мен youtube каналына** орналастырылды. Заманауи форматта дайындалған бейнероликтерді әлеуметтік желілер арқылы таратудың арқасында қаралым саны **8 мыңнан** асты.

4) 2022 жылы Музей **халықаралық байланыстарды** нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Осы мақсатта 4 меморандум және 1 келісім жасалды. Атап айтқанда, Өзбекстан тарихы мемлекеттік музейімен, РФ Башқұртстан Ұлттық музейімен, «YU TA-MIR» Түркия тарихи орталығымен, Мажарстан Жаратылыстану ғылыми музейімен ынтымақтастық туралы меморандумға және Қытай Халық Республикасының Цинчжоу музейімен келісімге қол қойылды. Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей және Қазақстанда халықаралық 10 көрме ұйымдастырылды.

Сонымен қатар Франция еліндегі әлемге әйгілі Лувр музейінің басшылығымен кездесу өтті. Кездесу барысында алдағы уақытта Парижде көрме ұйымдастыру, бірлескен

ғылыми зерттеулер жүргізу және екіжақты ынтымақтастық орнату бойынша келісім жасалды.



*Франциядағы Лувр музейінің басшылығымен кездесу сәті*

5) Бүгінде Ұлттық музей тек тарихи жәдігерлерді сақтаушы ғана емес, сонымен қатар кәсіби суретшілер мен жас қылқалам шеберлерінің өнеріне қолдау көрсетуші мекемеге айналды. Бұған 25 қазан - Республика күніне орай ұйымдастырылған «**Ұлттың ұлы ұстындары**» атты республикалық байқауы, сондай-ақ «**Ортеке – балалар көзімен**» атты республикалық көркемсурет конкурсы сияқты сайыстар дәлел болады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тікелей қолдауымен өткен бұл байқауларға қатысушылар осы уақытқа дейін еш жерде жарияланбаған туындыларын ұсынып, үздік жұмыстары үшін қаржылай сыйақымен марапатталды.

6) ҚР Ұлттық музейінің Қазақстан музейлерін дамытуды әдістемелік-үйлестіру орталығының бастамасымен 2022 жылғы 27-28 қазан күндері «**XXI ғасырдағы музей маманы: кәсіби біліктілік пен мансап**» атты республикалық біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды. Алғаш рет ірі көлемде ақылы түрде ұйымдастырылған курсқа еліміздің 25 музейінен 40 маман қатысып, музей ісін дамытуға қатысты дәрістер тыңдап, Ұлттық музей реставраторларының мастер-класстарын тамашалады.

7) Музей өз қызметі барысында мүмкіндігі шектеулі жандардың мүддесін қаперінен шығарған емес. Қоғамдағы теңқұқылық қағидатын жүзеге асыру мақсатында 2022 жылы 2 желтоқсан күні «**Қолжетімді музей: баршаға арналған мәдени мұра**» жобасының тұсаукесері өтті. Жоба аясында Ұлттық музей залдарының ішкі және сыртқы көрінісі кәсіби сипатталды, дыбысталды және аудиогидтерге жазылды. Сондай-ақ, шебер-реставраторлар мен мүсіншілер 20-дан астам музей экспонатының тактильді модельдерін жасады. Ал есту қабілеті нашар келушілер үшін барлық залдарда қазақ және орыс тілдерінде сурдоаудармасы бар бейне экскурсиялар көрсетілетін ақпараттық дүңгіршектер орнатылды.

8) 2022 жылы ҚР Ұлттық музейін тамашалауға келген қонақтар көбейіп, олардың саны **326 811 адамға** жетті. Мысалы, Музейге келген оқушылардың санының өзі 85 935 оқушыны құрап отыр. Оның себебі 2022 жылы Музейде алғаш рет қолға алынған «Музейдегі мектеп күні» пилоттық жобасымен, сондай-ақ Музей ұжымының жастарды тартудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануымен тығыз байланысты.

ҚР Ұлттық музейі алдағы уақытта да мәдени-тарихи құндылықтарды сақтау, зерттеу және насихаттау бойынша кешенді жұмыстарды жүргізетін болады.